

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ
КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal**

№3 (38) 2016

Бас редактор — Е. О. Алауханов
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор — Алауханов Е. О.
«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief — Alaukhanov Y. O.
«Honored Worker of the Kazakhstan», Doctor of Law, professor

Астана 2016

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09. 02. 2009 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 — 333X, Париж, наурыз)
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09. 02. 2009,
Международная регистрация: ISSN 2073 — 333X, Париж, март 2009 г.)
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған заңтану, филология, педагогика, философия, өнертану, экономика және жаратылыстану ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакция мақалалар мазмұны мен жазылу стиліне жауап бермейді.

Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: юриспруденция, филология, педагогика, философия, искусствоведение, экономика и естественные науки.

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы. Редакция не несет ответственности за содержание авторских материалов.

В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

Веб-сайт: www.nauka-zan.kz e-mail: nauka-zan@mail.ru;

Журнал редакциясының мекен жайы:

Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау, Түлкібас көш., 49 үй

Адрес редакции журнала:

г. Астана, Алматинский район, Юго-Восток, правая сторона, ул. Тулкибас, д. 49.

Главный редактор: д. ю. н., профессор Алауханов Есберген Оразович +7 701 111 8828;

Научный редактор: к. ф. н., доцент Абдиева Роза Серикбаевна +7 701 33 234 07.

Сейдімханова Толкын Болатовна

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
tolkyn.seidimhanova@mail.ru, 87013201323

Болатова Гүлжан Жамбылқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
ф.ғ.д., тел. 87013265055

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Түйін. Мақалада шешендік сөздерде мақал-мәтелдерді қолдану әдістері сөз болады. Шебер сөйлеу тек жақсы сөйлеу ғана емес, ол сөзді әуезді, көркем етіп айта білу де. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін сөйлейтін сөзде қалай пайдалану білу керектігі мақалада жан-жақты талқыланады

Түйін сөздер. Шешендік, толғау, мақал мен мәтел, ұйқас, қара сөз, әдеби-көркемдеу, тәсіл, оэтикалық құрылыс, шешендік жұмбақ.

Резюме. В статье анализируются простота, краткость, несложная рифма и в тоже время емкость казахских пословиц и поговорок. Правильное включение их в речь, делает ее более яркой, выразительной, подчеркивает остроумие и гибкость мышления говорящего. В казахских пословицах и поговорках отражается мудрость народа, его опыт, история, идеалы. Не всегда при переводе пословицы дословно можно правильно понять ее смысл, так как смысл ее может быть заложен в виде метафоры.

Ключевые слова: простота, краткость, несложная рифма, пословицы и поговорки, остроумие, гибкость, мышления, мудрость народа, метафоры, обычаи и традиции народа, наблюдательность и остроумие, различная тематика.

Шешендік толғаудың ерекше бір үлгісі - мақал мен мәтел. Қазақ халық мақал-мәтелдері ертеқ, аңыз, әнгіме, батырлық, ғашықтық жырлар, қара өлендер секілді халық туындыларымен қанаттас бірге жасап келеді. Олай дейтініміз У-ХІ ғасырлардан сақталған сирек жазбаларда мақал-мәтелді мол кездестіруге болады. Мысалы: Орхон Енисей жазбасында «Жарық болса сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер», Күлтегінде: «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген», Тоныкөкте: «Өлімнен ұят күшті», «Жұқаны тарылту оңай, жіңішкені ұзу оңай», - деген тәрізді мақал-мәтелдерге кездесеміз. Ал, ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Дивани-лұғат-ат-түрік» деген еңбегінде «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бөлек бол», «Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында», «Тай ат болса-ат тынар, ұл ер болса-ата тынар», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде»: «Біліп сөйлеген білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр», «Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер», - деп келеді.

Мақал мен мәтел-егіз жанр, алайда оларды бір жанр деп қараған дұрысырақ болар. Әрине, мағанасы, құрылысы, атқаратын қызметіне

бойлап қарасақ, белгілі бір айырмашылықтар жоқ емес. Мақал аяқталған ойды білдіреді, өз алдына мағынаға ие болады. Мысалы: «Толмасқа құйма, тоймасқа берме». Мәтел дербес тұрып жинақталған ойды бере алмайды, тек бір ойды мезгеп, айқындайды. Мысалы: «Көрегеннен көз ақы алған», «Аяз әліңді біл» т.б Белгілі этнограф жазушы В.И.Даль «Пословицы русского народа» еңбегінде: «Мәтел-халық сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал-жидек», - (1.53) дейді, ал ғалым М.А.Рыбников «Русские пословицы и поговорки» деген еңбегінде «Мәтел-бұл сөз оралымы қалыптаспаған сөйлеу, пікірдің элементі. Мақал-аяқталған пікір, біткен ой», - деп түйіндейді. Көлемі шағын, халық тұрмысын, кәсібін, ой парасатын, дүниеге көз қарасын көрсететін поэтикалық жанрды мақал деп қараймыз.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл казына. Халық шешендікті сөз өнерінің биік сатысы ретінде жоғары бағалайды. Бір кездері ел ішінде болатын сан түрлі талас-тартыстың бәрі де халықтың жол-жоралғысын алға тарта

отырып айтқан шешен-билердің аталы сөздері, әділ биліктері арқылы шешіліп отырады. Сондықтан кара қылды қак жаратын әділ шешен-билерді халық қадірлеп, сыйлайды. Олардың табан астында тауып айтатын үлгі сөздерін жадында сақтап, ауызша таратқан. Кейіннен сан ұрпақтың елеп-скшеуінен өтіп бізге жеткені белгілі.

Сөйлеудің белгілі бір нормалық моделіне сүйенуі, халыққа етене жақын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді тірек сөз етуі шешендік сөздерді өміршен етті. Ол халықтың қоғамдық өміріне, саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты дамып, кемелденіп отырды. Шешендік сөздерде көркемдеуші құралдардың жүйеленіп қалыптасуы – жекелеген сөз шеберлерінің, сөйлеуші шешендердің қызметінің нәтижесі.

Шешендік сөздер – әдеби тіліміздің сөздік қоры, сарқылмас көзі. Демек, шешендік нұсқалар – ауыз әдебиетінің басқа салаларымен бірге қазіргі қолданылып жүрген әдеби тіліміздің үлгісі, ұйытқысы. Оны зерттеп білу, оқып-үйрену тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу ережесін меңгеруімізге, әдеби тіліміздің дамып, ой-өрісіміздің кеңеюіне негіз болған.

Шешендік өнердің ғылым ретінде қалыптасып дамуы туралы түсінік беру, шешендік сөздердегі көркемдік-бейнелік құралдарға мән беріп, ондағы құбылудың түрлеріне жан-жақты сипаттама беру, шешенді сөздердегі айтылар ойды толығымен ашу диплом жұмысының өзекті мәселесі болып табылады.

Шешендік өнер ғылымының тарихына назар аударғанда алдымен шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) есімін айтқан орынды. Оның «Риторика» атты трактатында шешендік өнер хақында ғылыми-теориялық тұжырымдар айтылады. Шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын түсіндіреді. Пікірдің екі түрлі әдіспен қорытылатынын: не анық дәлелдеме арқылы, не иландыру арқылы болатынын айқындайды.

Қазақ қоғамындағы билік пен шешендік жайында мәнді пікір айтқан оқымысты – Ш.Уәлиханов (1835-1865). Ол өзінің «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» деген мақаласында би-шешен атанудың екі түрлі шартын атап көрсетеді. Ғалым: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін те-

рең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би аталу үшін қазақ халық алдында әлденеше сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған»- дейді.

Бұған қарағанда, халықтың әдет-ғұрып салтын жақсы біліп, көп алдында өзінің ойға ұшқыр, сөзге шешендігін көрсете алған адамға ғана би атағы берілмек. Халық шешендікті жоғары бағалаған. Шешен болмаса, би де бола алмаған.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді.

Шешендік өнерге ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары

жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлесіді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сойлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын", – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады.

Халық мақалдарында: "Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді", "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ", "Қылып жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді", "Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды", – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бөлірік шешен: "Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінін біл", – деп толғайды. Бұлар – "Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі". Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

Көш бастау қиын емес,
Қонағын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын, –
Шешімін таппас дау бар, –
деп дұрыс аңғартады.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған

ұлы жиып кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөздің пыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Ш.Уәлихановтың: "Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған", – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танымыз.

Сөйлеу мәдениетінің ерекше белгісі – сөздің дұрыстығы мен дәлдігі. Ол – анық, айқын ойлаудан, биік дүниетанымнан туады. А.Байтұрсынұшова айтқанда, «Сөйлемдерді

бір-бірімен дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру шарт.

Қазақтың мақал-мәтелдерін поэтикалық құрылысына қарай: қара сөзді және өлең сөзді деп екі жікке бөлуге болады. Қара сөзді мақал мәтелдер әдетте кемі екі сөзден тұрады, ішкі ұйқасты негізге алады. Сөйлемдер бірыңғай көркем сөзден құралады.

Мысалы: Жақсы ат жанға серік; «Ер шекіспей бекіспейді; Күшіне сенбе ісіңе сен; Шыдағанға шыдаған; Сезікті секіреді; Ел құлағы елу» т.б.

Мақал-мәтелдердің көбі өлең сөзге құралған, себебі жоғарыдағы мақал-мәтелдердің өзін (қара сөзді) бір тармақ деп қарауға болар еді. Алайда, өлең деп аталу үшін кемі екі тармақ болуы шарт. Жалпы өлең сөзді мақал-мәтелдерді екі тармақты, үш тармақты, төрт тармақты, көп тармақты деп қараймыз. Қос тармақты мақалдар: Мысалы:

Еттің бәрі қазы емес,
Иттің бәрі тазы емес.

немесе:

Жаңылмас жақ болмайды,
Сүрінбес тұяқ болмайды.

Үш тармақты мақалдар: Мысалы:

Ел күйінгенде күйінген батыр,
Ел сүйінгенде сүйінген батыр,
Ерегісте мыңға татыр, болмаса.

немесе:

Болат қанға тоқтады,
Тентек көпке тоқтады,
Жомарт жоққа тоқтады.
Төрт тармақты мақалдар: Мысалы:

Тауда туған құлынның,
Екі көзі таста болар.
Ашаршылықта туған баланың,
Екі көзі аста болар.

немесе:

Жетімшілік көп көрген,
Үш шақыртпай «ә» демес.
Ашаршылық көп көрген,
Өзі тоймай «мә» демес. [2. 231]

Мақал-мәтелдер өлең тектес болғандықтан да олар белгілі бір ұйқасқа құралады. Ұйқас өлең сөзді мақалдардың негізгі қасиеті. Мына бір мақал-мәтел тектес шешендік сөздер алғаш шалыс ұйқасқа, сонан соң кезекті ұйқасқа, соңында қара өлең ұйқасына құрылған. Айталық:

Жаман сайға су түссе,
Өткел бермес көшуге.
Жаман кісіге мал бітсе,

Сусын бермес ішуге.

Сондай-ақ мақал-мәтелдерде әдеби-көркемдеу тәсілдері де сан алуан қолданылып отырады. Мысалы:

Шешенің судай төгілген,
Тыңдаушың бордай егілген.
Көлден кетсе жалғыз мұң,
Елден кетсе жалғыз мұң. [2. 321]

«Іштен шықан шұбар жылан», не «Тұяқты тұяқ жібермейді», немесе «Көз-қорқак, қол батыр». Енді бір мақал-мәтелдерде батырлар жырындағыдай әсірелеу кездеседі.

Мысалы: «Қылауын тапса қар жауар», «Көп түкірсе-көл», «Сырдың суы сирағынан келмейді» т.б.

Бұларда айрықша көзге ұратын басындағы қайталау және аяғындағы қайталау. Мысалы:

Көп көрген нұсқа,
Көп істеген ұста.
Тау тасымен көрікті,
Табак асымен көрікті.

Мақал-мәтелдерден және бір байқағанымыз, онда бір-бірімен қарама-қарсы сөздердің жиі пайдалануы:

Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.
Кердім деген» көп сөз,
Көрмедім» деген бір сөз.

Тағы бір айтарымыз, мақал мен мәтелдерде ассонанс пен аллитерациялардың молдығы. Мысалы:

Жаман атқа жал бітсе,
Жанын торсық байлатпас.
Жаман адамға мал бітпес,
Жанына қоңсы қондырмас. [2. 431]

Сонымен, мақал-мәтел халықтың сан ғасырлық көрген, білгенінен, бастан кешкенінен қорытқан ақыл-ой жиынтығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, әрі шешендік өнердің шағын туындысы.

Қазақ әрқашан тұспалдап, меңзеп сөйлеуді сүйетін халық. Сонау жаугершілік заманда қазақ еліне келген елшіні біреулер «құртайық» десе, екіншілері «босатайық» десіп, ақыры Төле, Қазыбек, Әйтеке тұжырымына қол қойыпты. Төбе басына келген үшеудің көз алдында бір топ қаз көлге келіп қоныпты. Сонда Төле би тұспалдап, жұмбақтап:

- Мына көлдің алар ма еді қазын атып, - дейді.

- Оғың шығын болмасын жазым атып,

- дейді Әйтеке.

- Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік,

- Қаз екеп деп, перінің қызын атып,-
дейді Қазыбек.

Осымен сөз бітіп, елшіге тимей, еліне қай-
тарылады. Тағы бір мысал: Наурыз деген бай-
дың бір жақсы келіні болыпты. Келіннің күй-
еуі арық, қызғаншақ, нашар адам екен. Сонда
келіп отырған Адай Тоқан деген кісі келін-
шекпен тұспалдай, әзілдей жұмбақтасып:

Мәністің де мәнісі бар,

Мәніссіздің мәністінде не ісі бар?

Біреулер құландынға қу ілдіреді,

Соның қандай әдісі бар?

- дегенде оған Дәрі деген әлгі келіншек бы-
лай жауап қатыпты:

- Иә, мәністің де мәнісі бар,

Мәніссіздің мәністімен не ісі бар?

Құландының бағуы табылып бабына келсе,
Қу түгіл құлан ілетін дәмесі бар.

Сонда Тоқан:

- Құландын қу асық,

Қу суға асық.

Ал, балалар, ат әкел,

Ауыз жыртар құр қасық, - [2. 112]

деп аттанып кетіпті.

Белгілі Сырым шешен бір қызы бар үйде
отырып, қызды сынау үшін жұмбақтай:

Мынау үйдің міні жоқ, бірақ шаңырағы
шалқак екен, - депті.

Сонда қыз өзі туралы тұспалды түсініп:

Шаңырағы шалқак болғанмен, түгіні түзу
шығады, - депті. Қыздың ақылдығына риза
болған Сырым осы қызға үйленген екен. Бол-
маса, мынаған көңіл қойып көрейікші. Ерте-
де қыз бен әкесі жолаушылап келе жатып жол
сұрауға бір қойшыға бұрылыпты. Қойшы жол
көрсеткен соң:

- Бәрекелді, қыздың мінген жорғасына,

Бұл қызды ерткен жігіт жолы болмасын ба?
- дейді.

Сонда қыз атының басын тежеп:

Есі кеткен есер қойшы,

Менің шешемнің шешесі,

Бұл жігіттің қайын енесі,

Сонда біздер несі? - дегенде әкесі мен қы-
зын шатыстырып әзілдеген қойшы ұялып қа-
лыпты. Осындай жұмбақтай тұспалдауды, не
тосын сұраққа табанда сөзбе-сөз жауап қайта-
руды шешендік жауаптасу дейміз. Бұған Сы-
рым шешеннің сөзінен біраз мысал келтіруге
болады.

Сырым бір жылы орта жүзге барғанда сол
елдің жас биі бірнеше сұрақ қояды, сонда Сы-
рым оған былай деп жауап береді:

- Сіз ағайынды нешеусіз?

- Мен ағайынды екеумін.

Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші
едік. Менің Даттан ағайынды он бір екенім
рас, бірақ олардың маған қажеті қанша? Менің
ағайынды екеумін дейтінім, біреуі-өзім, екін-
шісі-халқым еді.

- Өтірік пен шынның арасы неше шақы-
рым?

-Өтірік пен шынның арасы төрт елі. Көзбен
көрген шын, құлақпен естіген өтірік, - дейді
Сырым.

- Ат не үшін шабады?

- Ер не үшін шабады?

- Ат шабысына қарай шабады.

- Ер намысына қарай шабады.

Болмаса, бірде хап Сырымның баласы
Қазыны тұтқынға алып: «Бес сұрақ беремін,
соған жауап берсең босатамын», - дейді.

Қатын деген не?

Бала деген не?

Қыз деген не?

Мал деген не?

Инабат деген не?

Сонда Қазы іркілместен былай жауап
беріпті:

- Қатын тұрақ емес пе,

Бала шырақ емес пе,

Қыз өріс емес пе,

Мал көріс емес пе,

Инабат ердің азығы емес пе,

Инабатты ер елдің азығы емес пе.

Енді бірде Сырымнан:

- Саудагер мұраты не?

Дау мұраты не?

Жол мұраты не?

Қыз мұраты не? –

деп сұрапты. Сонда Сырым:

Саудагер мұраты - ұту,

Дау мұраты - біту,

Жол мұраты - жету,

Қыз мұраты - кету, - деген екен.

Орта жүз Қаржас Шорманның баласы
Мұса көп кісімен Қанжығалы Саққұлақ ше-
шенге амандасқалы келе жатып, жанындағы
көпшіліктен бес ауыз жұмбақ сұрайды:

Ағат деген немене?

Сағат деген немене?

Қанат деген немене?

Бұл жұмбақтардың шешуін қасында еріп
келе жатқандар таба алмай

- Мырза, біз жұмбағыңыздың шешуін таба
алмадық, өзіңіз шешіп беріңіз,-дейді.Сонда

Мұса мырза:

-Арғының ағасына бара жатырмыз ғой,
мұны сол кісіге шештірейік, -дейді. Келген
соң Мұса жұмбақты Саққұлаққа айтады.

Екі кісі ұрысса,
Ағат емей, немене!
Екі жақсы сөйлесе,
Сағат емей, немене!
Мінген атың болдырмай,
Мәрелі жерге жеткізсе,
Қанат емей, немене!

Жаның емей немене! - деп тоқталмастан
шешіп беріпті. Жұмбақтау сөз арқылы ғана
емес, ымдау, құралдар пайдалану арқылы да
жүзеге асып отырған. Мұндай жұмбақтау ше-
шендік сөздің нағыз шыңы деген абзал. Бұл
сөз арқылы берілмейді. Тек ыммен берілген-
діктен, кез келген шешен, болмаса алғыр ойлы
адамның өзінің шешуі оңай дүние болмаса
керек. Осы бір шешендік жұмбақты әлі күнге
дейін еш зерттеуші сөз еткен жоқ.

Әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. Алматы, 2008. – 453 бет
2. Шешендік сөздер. Алматы, 20011. -325 бет
3. Төреқұлов Н. Қазақтың 500 би- шешені. Алматы, 2009. – 459 бет.
4. Қазақтың шешендік сөздері Алматы, Жазушы, 2011. – 364 бет
5. Бұлдыбай А.С. Шешендік сөздер. Алматы, Қазақ университеті, 2005. 214 бет

Жусупов Миржан Серикбаевич ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ САУДАСЫ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ	196
Кужамбетов Алишер Аскарлович УГОЛОВНО-ПРАВОВЫЕ И КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗАКАЗНОГО УБИЙСТВА	199
Кошкарбаев Ануар Нурланұлы СОВРЕМЕННАЯ МЕЖДУНАРОДНАЯ ТЕНДЕНЦИЯ, НАПРАВЛЕННАЯ НА УПРОЩЕНИЕ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ	203
Косаев Нурлан Амандаулетович, Жумагазиева Райса Шамшединовна НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ БОРЬБЫ С ТЕРРОРИЗМОМ И ЭКСТРЕМИЗМОМ В КАЗАХСТАНЕ И ЗА РУБЕЖОМ	207
Кошкарбаев Ануар Нурланұлы ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА В РАЗНЫХ УРОВНЯХ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА	210
Рысқалиев Даулетбай Уразғалиевич, Нуржанұлы Дастан, Абай Мейрамбек ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ В АНТИКОРРУПЦИОННОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ	213
Серғалиева Гүлсезім Қанибекқызы, Жумагазиева Райса Шамшединовна ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТТЫҢ ӘДІЛЕТТІК ОРНАТУДАҒЫ АТҚАРАТЫН РОЛІ	217
Серғалиева Гүлсезім Қанибекқызы, Жумагазиева Райса Шамшединовна ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТЕ МАҢЫЗЫН КҮШЕЙТУ ЖОЛДАРЫ	220
Таргинова Каламкас Аскарровна, Каирова Нелля Имамуратовна НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТРАН КАЗАХСТАН И КИТАЯ ЗА УГОЛОВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ (КОМПАРАТИВИСТКИЙ АНАЛИЗ)	223
Шуланбекова Гүлмира Құралбекқызы МАЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕ ДАМУ ТЕТІКТЕРІ	227

ПЕДАГОГИКА. ФИЛОЛОГИЯ. PEDAGOGY. PHILOLOGY

Аюпова Зауре Каримовна, Құсайынов Даурен Ө. БІЛІМ БЕРУДІ АРНАЙЫ ПӘН РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ҮЛГІЛЕРІ	230
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. БІЛІМ БЕРУДІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАСТАУЛАРЫ	237
Бұлдыбай Анарбай Сағиұлы, Темірболат Алуа Берікбайқызы ШЫҢДА ШЫНЫҚҚАН ДОСТЫҚ (Ш.Айтматов және З.Қабдолов).....	243
Мухатаева Қоңыр ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ДӘУІРЛЕУ КЕЗЕҢДЕРІ	248
Сейдімханова Толқын Болатовна, Болатова Гүлжан Жамбылқызы ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР	252
Садықов Сейдулла ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ КЕҢЕСТІК «ТОҚЫРАУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ	258
Садықов Сейдулла ҰЛТТЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ХРУЩЕВТЫҚ «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНДЕ	264
Сұлтан Ертай ҚАЗІРГІ РОМАН ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ	270
Ибадуллаева Акжан Шариповна КРИПОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	273